ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 4 маусым №7119-24-00-2/6003 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот судьясы Ғ.С.Төлебекова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Raunur» Тажиман Нұрғали Ерланұлы дара кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Raunur» Тажиман Нұрғали Ерланұлы дара кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Raunur» Тажиман Нұрғали Ерланұлы дара кәсіпкеріні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Raunur» Тажиман Нұрғали Ерланұлы дара кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 873 (бір мың сегіз жүз жетпіс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Raunur» Тажиман Нұрғали Ерланұлы дара кәсіпкерінен Астана қаласы әкімдігінің «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» шаруашылық

Құжатқа қол қойылған: Төлебекова Ғ. С., 04.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.07.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 22.07.2024
7119-24-3-1/5414

жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 900 (тщғыз жүз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 267-4 бабының талаптарын ескере отырып, шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья (қолы) Ғ.С.Төлебекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлебекова Г. С., 04.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.07.2024, судья Нургалиева Ж. Д., 22.07.2024

7119-24-3-1/5414